Акегожаева Рая Нурданқызының 8D02301–«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы скриптонимдердің прагматикалық әлеуеті (ғұрыптық рәсімдер негізінде)» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеудің жалпы сипаттамасы. Зерттеу әрбір халықтың мәдениетінен маңызды орын алатын ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктерді – скриптонимдер ретінде қарастырып, олардың семантикалық дамуын зерттеуге арналған. Скриптонимдер – кез келген халықтың салт-дәстүрлер жүйесінен маңызды орын алатын ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан атаулар мен тілдік бірліктердің жиынтығы. Олар белгілі бір ғұрыптық әрекеттерді, рәсімге қатысушы субъектілерді, сол рәсімге тән заттар мен атрибуттарды, сондай-ақ рәсім барысында орындалатын символдық әрекеттерді атау арқылы халықтың дәстүрлі мәдени тәжірибесін тілде бейнелейді. Ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан мұндай тілдік бірліктер уақыт өте келе тек рәсімдік мағынаны білдірумен шектелмей, тілде түрлі семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Нәтижесінде олардың бастапқы ғұрыптық мағынасы кеңейіп, концептуалды метафоралық, метонимиялық немесе метафтонимиялық ауысулар арқылы жаңа мағыналық реңктерге ие болады. Бұл құбылыс тілдегі мағынаның динамикалық сипатын көрсетіп, тілдік бірліктердің халықтың мәдени тәжірибесімен және дүниетанымымен тығыз байланыста дамитынын дәлелдейді. Сондықтан скриптонимдердің семантикалық дамуын зерттеу тілдегі мәдени ақпараттың қалай қалыптасатынын және қалай өзгеретінін анықтауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыста қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдер негізге алынады. Соның ішінде қыпшақ тілдер тобынан қазақ, қарақалпақ, ал оғыз тілдер тобынан түрік және әзірбайжан тілдері таңдалып, осы тілдердегі баланың дүниеге келуі, үйлену және жерлеу сияқты өмірлік циклге қатысты ғұрыптық рәсімдер негізінде қалыптасқан скриптонимдер қарастырылады. Бұл тілдерді зерттеу нысанына алуымыздың өзіндік себебі бар. Біріншіден, аталған тілдер түркі тілдерінің екі ірі тармағын: қыпшақ және оғыз топтарына кіретіндіктен, олардың материалдары негізінде ғұрыптық тәжірибеге қатысты тілдік бірліктердің қалыптасуы мен семантикалық дамуын салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде, түркі халықтарының мәдени дүниетанымындағы ортақ белгілер мен ұлттық ерекшеліктерді анықтауға жағдай жасайды. Екіншіден, қарастырылып отырған тілдердің барлығы түркі тілдері екеніне қарамастан, олардың тарихи дамуы, мәдени ортасы және әлеуметтік тәжірибесі белгілі бір дәрежеде ерекшеленеді. Сондықтан осы тілдер материалдарын салыстыра зерттеу арқылы скриптонимдердің қалыптасуындағы әмбебап және ұлттық-мәдени сипаттағы факторлардың қалай көрінетінін анықтауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, осы халықтардың басынан кешірген отарлау және жаһандану секілді тарихи-әлеуметтік

құбылыстардың ғұрыптық рәсімдерге қатысты халықтың ұлттық жадын құрайтын бірліктердің бүгінгі жағдайына әсері салыстырылып талданады. Сонымен қатар мұндай салыстырмалы талдау ғұрыптық тәжірибеден туындаған тілдік бірліктердің семантикалық өзгеру механизмдерін кеңірек түсінуге және олардың когнитивтік негізін айқындауға жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, қыпшақ және оғыз тілдері материалдары негізінде өмірлік циклге қатысты ғұрыптық рәсімдерден туындаған скриптонимдерді зерттеу – түркі тілдеріндегі ғұрыптық лексиканың семантикалық дамуын кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыттардың бірі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік бағыт тіл мен мәдениетті, тіл мен ұлттың дүниетанымдық тәжірибесін өзара сабақтастықта қарастыруды алдыңғы қатарға шығарды. Осыған байланысты халықтың рухани болмысы, дүниетанымы, тарихи жадында сақталған мәдени кодтарды тіл арқылы тану мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Әсіресе белгілі бір этностың ғұрыптық тәжірибесі негізінде қалыптасқан тілдік бірліктердің семантикалық және прагматикалық табиғатын зерттеу қазіргі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика салаларының өзекті бағыттарының бірі саналады. Себебі ғұрыптық рәсімдер – ұлттың тарихи тәжірибесін, әлеуметтік құндылықтарын, дүниетанымдық моделін бойына жинақтаған күрделі мәдени феномен. Ал осы рәсімдер негізінде қалыптасқан скриптонимдер халықтың мәдени жадын, бағалау жүйесін, ұлттық танымын сақтап қана қоймай, қазіргі коммуникацияда да белсенді қызмет атқарады.

Адам өмірінің маңызды кезеңдері, нәрестенің дүниеге келген сәтінен бастап адам өмірінің соңына дейінгі маңызды сәттердің барлығында ғұрыптық рәсімдер атқарылатынын ескерсек, рәсімдерге қатысты скриптонимдер адамның жеке тәжірибесі мен ұжымдық мәдени білімді ұштастырып, оны тілдік формада бекітеді. С. Хорохординаның пікірінше, олар белгілі бір рәсімнің атауын ғана білдіріп қоймай, сол рәсімге тән әрекеттерді, қатысушыларды, заттық атрибуттарды және символдық мәндерді қамтитын мәдени сценарийлерді де тілде бейнелейді.

Қазіргі тіл білімінде ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер көбіне этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика аясындағы зерттеулер құрамында ғана қарастырылып келеді. Мәселен, шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде ғұрыптық рәсімдердің тілі, рәсімдік мәтіндердің құрылымы, тіл мен ғұрыптық рәсімдердің өзара байланысы мәселелері қарастырылған. Түркі тілдері материалдары негізінде ғұрыптық рәсімдердің мәдени коды, этнографизмдердің терминологиялық қорды толықтырудағы қызметі, рәсімдерге қатысты диалектілік ерекшеліктер мен метафоралық тілдік қолданыстар зерттеу нысанына алынған.

Дегенмен ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктерді арнайы «скриптоним» ретінде қарастырған жүйелі зерттеулер өте аз. Бұл бағыттағы алғашқы ғылыми еңбектердің бірін неміс тілі материалдары негізінде М.Хорохордина мен О.Быкова жүргізді. Алайда аталған зерттеулерде скриптонимдердің прагматикалық әлеуеті, олардың метафоралық және

метафтонимиялық даму механизмдері, сондай-ақ түркі тілдеріндегі көрінісі арнайы кешенді түрде зерттелмеген.Скриптонимдерді ғұрыптық рәсім барысында атқарылатын әрекеттер, атрибуттары мен қатысушыларына қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер ретінде таниды. Бұл зерттеулерде скриптонимдердің қалыптасуында метонимиялық ауысу маңызды рөл атқаратыны, яғни ғұрыптың белгілі бір бөлігі, қатысушысы немесе атрибуты бүкіл рәсімді немесе соған байланысты әрекетті білдіретін тілдік таңбаға айналатыны дәлелденеді. Дегенмен скриптонимдердің семантикалық дамуын талдауда метонимиялық ауысу арқылы қалыптасқан тілдік бірліктерге көбірек көңіл бөліп, метафоралық және метафтонимиялық даму механизмдеріне, олардың когнитивтік және мәдени негіздеріне қысқаша тоқталады. Сонымен қатар бұл мәселе түркі тілдері материалдары негізінде де жеткілікті деңгейде қарастырылмаған. Осыған байланысты ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктерді скриптонимдер ретінде қарастыру, олардың қалыптасу механизмдерін және семантикалық дамуын когнитивтік-лингвистикалық тұрғыдан сипаттау мәселесі әлі де **толық шешімін таппаған ғылыми мәселелердің бірі**. Бұл жағдай скриптонимдердің теориялық сипаттамасын нақтылау, олардың семантикалық өзгерісін анықтау және ғұрыптық мәдени тәжірибе мен тіл арасындағы өзара байланысты кешенді түрде түсіндіретін жаңа теориялық-әдістемелік негіздерді қалыптастырудың қажеттілігін көрсетеді. Осы себепті де ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдердің қалыптасу жолдарын, семантикалық өзгеру механизмдерін және мәдени-танымдық ерекшеліктерін зерттеудің **өзектілігі келесі мәселелерге негізделеді.**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі жаһандану жағдайындағы тілдік және мәдени өзгерістермен де байланысты. Бүгінде дәстүрлі ғұрыптардың қоғамдық қызметі өзгеріп, олардың кейбір элементтері белсенді қолданыстан шығып жатқанымен, сол рәсімдер негізінде қалыптасқан тілдік бірліктер халық жадында сақталып, жаңа коммуникативтік ортада жаңаша мағынада жұмсалуда. Мысалы, баланың дүниеге келуі, үйлену, жерлеу рәсімдеріне қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер қазіргі медиадискурста, ауызекі сөйлеуде, бағалауыштық және экспрессивтік қолданыстарда жиі кездеседі. Олар адамның эмоциялық күйін, бағалау ұстанымын, мәдени бағдарын білдіретін прагматикалық құрал ретінде қызмет етеді. Бұл құбылыс ғұрыптық негіздегі тілдік бірліктердің тек тарихи-этнографиялық элемент емес, қазіргі коммуникацияда да белсенді қызмет атқаратын динамикалық тілдік құбылыс екенін көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеу жұмысының өзектілігі қыпшақ және оғыз тілдеріндегі ортақ мәдени модельдер мен ұлттық ерекшеліктерді анықтау қажеттілігімен де айқындалады. Қазақ, қарақалпақ, түрік, әзірбайжан халықтарының тарихи-мәдени тамыры ортақ болғанымен, олардың ғұрыптық жүйесінде және сол негізде қалыптасқан тілдік бірліктерінде өзіндік ерекшеліктер бар. Скриптонимдерді салыстырмалы аспектіде зерттеу түркі халықтарының дүниетанымдық сабақтастығын, мәдени-танымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз

кезегінде түркітану ғылымының, салыстырмалы лингвомәдениеттанудың және когнитивтік лингвистиканың дамуына үлес қосады.

Зерттеудің өзектілігі оның теориялық маңызымен де сабақтас. Жұмыста скриптонимдердің семантикалық дамуы метафора, метонимия, метафтонимия механизмдері арқылы түсіндіріліп, олардың когнитивтік негізі айқындалады. Бұл тілдегі екіншілік мағыналардың қалыптасу табиғатын, мәдени кодтардың тілдік санада сақталу жолдарын тереңірек тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар скриптонимдердің прагматикалық қызметін анықтау арқылы тілдегі бағалауыштық, эмоциялық, экспрессивтік мағыналардың қалыптасу ерекшеліктері сараланады. Осы тұрғыдан зерттеу жұмысы когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика салаларындағы теориялық мәселелерді толықтыруға бағытталған.

Диссертацияның практикалық өзектілігі де жоғары. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология мамандықтарында когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, прагмалингвистика пәндерін оқытуда пайдалануға болады. Сонымен бірге жұмыстың материалдары түркі халықтарының мәдени мұрасын жүйелеуде, этнолингвистикалық сөздіктер құрастыруда, мәдениетаралық коммуникация мәселелерін зерттеуде, сондай-ақ ұлттық дүниетанымды танытатын тілдік бірліктерді насихаттауда құнды дереккөз бола алады.

Осы аталған ғылыми-теориялық және практикалық мәселелер зерттеу тақырыбының **өзектілігін айқындайды** және қыпшақ-оғыз тілдер тобындағы скриптонимдердің прагматикалық әлеуетін ғұрыптық рәсімдер негізінде кешенді түрде зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық зерттеу жұмысы аталған ғылыми мәселелердің шешімін табуға бағытталады.

Зерттеудің негізгі мақсаты: қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдердің қалыптасу жолын, семантикалық даму ерекшеліктерін және олардың мәдени-танымдық негіздерін когнитивтік-лингвистикалық тұрғыдан анықтау.

Аталған мақсатқа жету үшін зерттеу барысында төмендегідей **міндеттер** қойылады:

– қазақ, қарақалпақ, түрік, әзірбайжан халықтарының мәдениетінен маңызды орын алатын ғұрыптық рәсімдерді скрипт теориясы тұрғысынан қарастыру;

– скриптоним ұғымының теориялық негіздерін айқындап, оның тіл біліміндегі орны мен ерекшеліктерін анықтау;

– ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің скриптоним ретінде қалыптасу ерекшеліктерін сипаттау;

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі баланың дүниеге келуі, үйлену және жерлеу рәсімдеріне қатысты қалыптасқан скриптонимдерді жинақтап, жүйелеу;

– скриптонимдердің семантикалық дамуын қамтамасыз ететін метонимиялық, метафоралық және метафтонимиялық ауысу механизмдерін анықтап, олардың жүзеге асу ерекшеліктерін талдау;

– скриптонимдердің метафоралық, метонимиялық және метафтонимиялық ауысу арқылы мағыналық дамуын зерттеудің әдіснамалық негізін қалыптастыру;

– зерттеліп отырған тілдердегі скриптонимдердің семантикалық өзгеруіндегі ортақ заңдылықтар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерді салыстырмалы түрде анықтау;

– скриптонимдердің прагматикалық әлеуетін, олардың әртүрлі дискурстық ортада (күнделікті сөйлеу тілі, көркем әдебиет, медиа мәтіндер және т.б.) қолданылу ерекшелігін талдау.

Осы міндеттерді жүзеге асыру арқылы зерттеу жұмысы ұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің семантикалық табиғатын тереңірек түсіндіруге, сондай-ақ скриптонимдердің қалыптасуы мен мағыналық дамуына қатысты теориялық-әдістемелік негіздерді нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нысаны: қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі баланың дүниеге келуі, үйлену және жерлеу сияқты өмірлік циклге қатысты ұрыптық рәсімдер негізінде қалыптасқан скриптонимдер және олардың тілдік қолданысы.

Зерттеудің дереккөздері: Зерттеудің теориялық негізін ұрыптық рәсімдер, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, семантикалық өзгеріс, метафора, метонимия және метафтонимия мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Атап айтқанда, ұрыптық рәсімдердің адам өміріндегі орны мен мәдени қызметі Ә. Тауұлының зерттеулерінде қарастырылса, скриптонимдердің мәдени сценарийлерді тілде бейнелеу ерекшеліктері М. Хорохордина еңбектерінде сипатталған. Ұрыптық рәсімдердің тілі, рәсімдік мәтіндердің құрылымы және тіл мен рәсімдердің байланысы мәселелері W. Wheelock, J. Sorensen, D. Kádár, E. Lawson зерттеулерінде талданған.

Түркі тілдеріндегі ұрыптық рәсімдердің мәдени коды, этнографизмдердің тілдің терминологиялық қорын толықтырудағы қызметі, рәсімдерге қатысты диалектілер мен метафоралық қолданыстар F. Minkan, S.Valiyeva, G.Agakishiyeva, P.Ergun, G. Alptürker еңбектерінде қарастырылған. Қазақ тіл білімінде ұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің этнолингвистикалық, лингвомәдени және танымдық сипаты Ә. Қайдаров, Н.Уәли, С.Жанпейісова, А.Жаңабекова, А. Ислам, Ж. Исаева, Г. Смағұлова, М.Атабаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Сонымен қатар ұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктер А.Айтмұқашева, А. Мұханеңбектерінде жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылған.

Тілдегі семантикалық өзгерістер мен екіншілік мағына мәселелері E.Traugott, R.Dasher, M.Luján, W.Hollmann, J.Newman, P.Koch еңбектерінде қарастырылса, метафора теориясы Б.Хасанов, А.Сыбанбаева, G.Lakoff,

M.Johnson, Y. Galona зерттеулерінде талданған. Метонимия мәселелері L.Panther, G.Radden, Z.Kövecses, Б.Нұржекеева еңбектерінде, ал метафтонимия құбылысы L.Goossens зерттеулерінде сипатталған. Скриптонимдерді арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырған алғашқы еңбектердің бірі М. Хорохордина, О. Быкова зерттеулерінде неміс тілі материалы негізінде жүзеге асырылған.

Зерттеуге қажетті этнографиялық материалдарды жинақтау бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде қазақ, түрік, әзірбайжан және қарақалпақ халықтарының салт-дәстүрлері мен ғұрыптық рәсімдеріне қатысты этнографиялық, этнолингвистикалық еңбектерге кешенді шолу жасалды. Қазақ халқының ғұрыптық мәдениетіне қатысты С.Кенжеахметұлы, Қ.Ғабитханұлы, Ә.Қайдар, Б.Жүсіпова, Ә. Сәдуақас, Ә.Тауұлы, Н.Алимбаев, А. Ахметов еңбектері пайдаланылды. Түрік тіліндегі материалдар R. Genç, H.Şimşek, M.Yılmaz, Y. Çoruhlu, Y. Yeşil, O. Felek, S. İşkorkutan, F. Özdemir, T.Tercan зерттеулері негізінде қарастырылды. Әзірбайжан тіліндегі этнографиялық деректер B. Gənclik, I. Hüseynov, T. Qədirzadə, N. Quliyeva және «Azərbaycan folkloru antologiyası» жинақтары арқылы жинақталды. Қарақалпақ халқының ғұрыптық мәдениетіне қатысты материалдар Ә.Әлимов, M. Karlibayev және 100 томдық Қарақалпақ фольклоры және т.б. еңбектер негізінде сұрыпталды.

Аталған еңбектерді талдау нәтижесінде төрт халыққа ортақ және ұлттық ерекшеліктерімен дараланатын өмірлік цикл ғұрыптары анықталып, олар дүниеге келу, үйлену және жерлеу рәсімдеріне қатысты үш тақырыптық топқа жіктелді. Бұл жіктеу зерттеудегі скриптонимдерді жүйелеуге және олардың семантикалық-прагматикалық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдауға негіз болды.Анықталған скриптонимдердің контекстік мағынасын, прагматикалық қызметін және қазіргі қолданыстағы семантикалық реңктерін анықтау мақсатында интернет ресурстардағы мәтіндерге, көркем әдебиет шығармаларына және публицистикалық материалдарға шолу жасалып, тілдік деректер жинақталды.

Қазақ тіліндегі скриптонимдердің контекстік қолданысын талдау барысында М. Әуезов, І. Жансүгіров, Ә. Кекілбаев, Ә. Тарази, Қ. Жұмаділов, Н. Алдабергенов, С. Жүнісов, Ә. Тәжібаев және басқа да ақын-жазушылардың шығармалары пайдаланылды. Түрік және әзербайжан тілдеріндегі мысалдардың контекстік мағынасын анықтау үшін https://books.google.com/ платформасына жүктелген көркем әдебиет пен публицистикалық мәтіндер қарастырылды. Түрік тіліндегі материалдарды талдау барысында Yaşar Kemal, Orhan Pamuk, Tarık Buğra, Mustafa Kutlu, Elif Şafak және басқа да қаламгерлердің шығармалары негізге алынды. Әзірбайжан тіліндегі скриптонимдердің қолданысын саралау мақсатында Anar Rzayev, Elchin Efendiyev, Sabir Rustamkhanli, Chingiz Abdullayev, Bakhtiyar Vahabzadeh шығармалары талданды. Қарақалпақ тіліндегі мысалдардың контекстік мағынасын анықтау барысында Т. Қайыпбергенов, Ө. Айжанов, И. Юсупов, Ж. Аймұрзаев, Г. Есемуратова және т.б. ақын-жазушылардың шығармалары пайдаланылды.

Аталған көркем және публицистикалық мәтіндер скриптонимдердің тек ғұрыптық ортада ғана емес, қазіргі коммуникацияда да бағалауыштық, эмоциялық-экспрессивтік, символдық және мәдени-коннотативтік қызмет атқаратынын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелері ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің семантикалық табиғатын, олардың мәдени-танымдық негіздерін және тілдік жүйедегі қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар скриптоним ұғымының теориялық мазмұнын нақтылап, олардың қалыптасуы мен мағыналық дамуын метафора, метонимия және метафтонимия тұрғысынан қарастырудың ғылыми негіздерін толықтырады. Бұл зерттеу нәтижелері когнитивтік лингвистика, этнолингвистика және лингвомәдениеттану бағыттарындағы ғылыми тұжырымдарды дамытуға үлес қосады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде «Когнитивтік лингвистика», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Түркі тілдерінің салыстырмалы тарихы» сияқты пәндерді оқыту барысында пайдалануға болады. Сонымен қатар зерттеу материалдары ғұрыптық мәдениетке қатысты тілдік бірліктерді жинақтау, түсіндіру және лингвомәдени сипатта сөздіктер құрастыруда, сондай-ақ түркі тілдерін салыстырмалы тұрғыдан зерттеу жұмыстарында қолданылуы мүмкін. Зерттеу барысында анықталып, талданған тілдік бірліктерді қазақ, қарақалпақ, түрік, әзірбайжан тілдерін С1 деңгейінде үйрету барысында да тиімді пайдалануға болады. Өйткені С1 деңгейіндегі тіл үйренушілер тек грамматикалық құрылымдарды меңгерумен шектелмей, тілдің мәдени, прагматикалық және когнитивтік қырларын терең түсінуге ұмтылады. Мұндай тілдік бірліктерді оқу үдерісінде қолдану тіл үйренушілердің тек сөздік қорын байытып қана қоймай, олардың мәдени-танымдық құзыретін дамытуға да ықпал етеді.

Зерттеудің әдістері: Зерттеу жұмысында ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдердің семантикалық дамуы мен прагматикалық әлеуетін анықтау мақсатында сапалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі әдістерінің бірі – контент-талдау әдісі. Бұл әдіс арқылы қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі баланың дүниеге келуі, үйлену және жерлеу рәсімдеріне қатысты тілдік бірліктер жүйеленіп, олардың мағыналық және мәдени ерекшеліктері анықталды. Контент-талдау барысында этнографиялық еңбектер, сөздіктер, көркем әдебиет мәтіндері, интернет ресурстар мен публицистикалық материалдардағы тілдік деректер іріктеліп, скриптонимдердің қолданыс ерекшеліктері сараланды. Сонымен қатар бұл әдіс ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің қайталанатын семантикалық белгілерін, символдық мазмұнын және мәдени-коннотативтік сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде скриптонимдердің бастапқы мағынасын және кейінгі семантикалық өзгеріс бағыттарын анықтау мақсатында семантикалық реконструкция әдісі қолданылды. Аталған әдіс арқылы тілдік бірліктердің тарихи қалыптасу жолы, олардың метафора, метонимия, метафтонимия

негізінде дамыған жаңа мағыналары талданды. Семантикалық реконструкция барысында қазақ, қарақалпақ, түрік және әзербайжан тілдеріндегі ұқсас және айырмашылықты қолданыстар салыстырылып, скриптонимдердің когнитивтік және мәдени уәждері анықталды. Сонымен қатар ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктердің семантикалық өзгерісіне тарихи-әлеуметтік факторлардың, соның ішінде кеңестік кезең мен жаһандану үдерісінің ықпалы қарастырылды.

Семантикалық ауысуға ұшыраған скриптонимдердің қазіргі тілдік қолданыстағы қызметін анықтау үшін дискурстық-прагматикалық талдау әдісі пайдаланылды. Бұл әдіс скриптонимдердің нақты контексте қандай бағалауыштық, эмоциялық-экспрессивтік және мәдени мән тудыратынын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында көркем әдебиет, публицистикалық мәтіндер және интернет дискурстағы қолданыстар талданып, скриптонимдердің сөйлеушінің көзқарасын, бағалау ұстанымын және мәдени сәйкестігін білдіру құралы ретіндегі қызметі айқындалды. Осылайша контент-талдау, семантикалық реконструкция және дискурстық-прагматикалық талдау әдістерін кешенді қолдану скриптонимдердің семантикалық эволюциясын, мәдени-танымдық табиғатын және қазіргі коммуникациядағы прагматикалық әлеуетін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің жаңалығы:

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдерінің материалдары негізінде ғұрыптық рәсімдерге қатысты тілдік бірліктер алғаш рет жүйелі түрде скриптонимдер ретінде қарастырылады;

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі өмірлік цикл рәсімдеріне қатысты қалыптасқан скриптонимдер жинақталып, салыстырмалы кешенді талдау жасалды;

– метафора мен метонимия дәстүрлі тілдік көркемдеу құралы ғана емес, ғұрыптық рәсімдер негізінде қалыптасқан тілдік бірліктердің (скриптонимдердің) мағыналық дамуын айқындайтын концептуалдық құрылымдар ретінде лингвистикалық тұрғыдан кешенді түрде қарастырылды. Зерттеу барысында метафора мен метонимия тілдік бірліктердің сыртқы формалық өзгерісінен гөрі, адамның танымдық қызметімен, мәдени тәжірибесімен және ұжымдық жадымен тығыз байланысты когнитивтік механизмдер ретінде негізделді.

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдерінде алғаш рет мағынаның ауысуы метафтонимиялық тәсіл ретінде қарастырылады;

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі скриптонимдердің семантикалық дамуы метафоралық, метонимиялық және метафтонимиялық ауысу механизмдері арқылы кешенді түрде сипатталады;

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі скриптонимдердің мағыналық өзгерісін зерттеудің когнитивтік-лингвистикалық және әдіснамалық негіздері нақтыланады;

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі ғұрыптық рәсімдерге қатысты скриптонимдердің коммуникациялық-прагматикалық әлеуеті мен дискурстық қолданысы анықталады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

– ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктер мәдени тәжірибеге негізделген ерекше тілдік категория ретінде скриптонимдер жүйесін құрайды;

– скриптонимдер ғұрыптық рәсім барысында атқарылатын әрекеттерге, рәсім қатысушыларына, рәсім атрибуттарына, олардың символдық қасиеттеріне, сондай-ақ рәсімнің орындалу орны мен уақытына қатысты қалыптасады;

– ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан скриптонимдердің семантикалық дамуы метонимиялық, метафоралық және метафтонимиялық ауысу механизмдері арқылы жүзеге асады;

– скриптонимдердің мағыналық өзгеруі халықтың мәдени тәжірибесі мен когнитивтік моделдерімен тығыз байланысты;

– қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдеріндегі скриптонимдердің қалыптасуында ортақ мәдени негіздер байқалғанымен, олардың семантикалық дамуы мен қолданысында ұлттық-мәдени ерекшеліктер сақталады;

– скриптонимдер – тілде тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, белгілі бір эмоциялық, бағалауыштық және прагматикалық мағыналарды білдіретін мәдени-коннотативтік әлеуетке ие тілдік бірліктер.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу ғұрыптық рәсімдерге қатысты қалыптасқан тілдік бірліктерді скриптонимдер ретінде қарастыру арқылы тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланысты жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде скриптонимдердің қалыптасу жолдары, олардың семантикалық дамуы және мәдени-танымдық негіздері кешенді түрде сипатталып, ғұрыптық тәжірибеге негізделген тілдік бірліктердің тілдік жүйедегі орны айқындалды. Сонымен қатар қазақ, қарақалпақ, түрік және әзірбайжан тілдерінің материалдары негізінде жүргізілген салыстырмалы талдау ғұрыптық рәсімдерге қатысты скриптонимдердің қалыптасуындағы ортақ заңдылықтар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында скриптонимдердің семантикалық дамуы метонимиялық, метафоралық және метафтонимиялық ауысу механизмдері арқылы жүзеге асатыны дәлелденіп, осы құбылыстарды зерттеудің әдіснамалық негіздері нақтыланды. Сондай-ақ скриптонимдердің тек номинативтік бірліктер ғана емес, белгілі бір мәдени ақпаратты, эмоциялық-бағалауыштық мәнді және прагматикалық қызметті білдіретін лингвомәдени бірліктер екендігі көрсетілді.

Осылайша зерттеу жұмысы ғұрыптық мәдени тәжірибе мен тілдік жүйе арасындағы өзара байланысты түсіндіруге, скриптонимдердің семантикалық табиғатын айқындауға және олардың когнитивтік-лингвистикалық ерекшеліктерін анықтауға белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Сонымен қатар

зерттеу нәтижелері скриптонимдер теориясын дамытуға, ғұрыптық мәдениетке қатысты тілдік бірліктердің мағыналық өзгеруін түсіндіруге және түркі тілдерін салыстырмалы түрде зерттеуге бағытталған ғылыми жұмыстардың әрі қарай дамуына негіз бола алады.

Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен нәтижелері: Зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері 8 ғылыми мақалада жарияланған. Оның ішінде 3 мақала халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында, 5 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімге енетін ғылыми басылымдарда жарық көрді.

1. Акегожаева Р.Н., Мурзинова А.С. Қазақ тіліндегі ғұрыптық рәсімдердің тілдік репрезентациясы // *Tiltanym*. – 2024. – № 3, 108-120 бб. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-108-120
2. Акегожаева Р., Мурзинова А. Скриптонимдердің лингво-семантикалық ерекшеліктері (ұлттық ойын атаулары негізінде) // *Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы*. – 2025. – Т. 76. – № 1, 13-29 бб. https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.001
3. Akegozhayeva R.N., Murzinova A.S. Lexico-semantic features of cultural scriptonyms (Based on Local Ritual Ceremonies) // *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*. – 2025. – Vol. 197. – No. 1. – P. 4-17. https://doi.org/10.26577/EJPh202519711
4. Акегожаева Р.Н., Мурзинова А.С., Хикмет Қ. Скриптонимдер: этнотілдік санада кодталған сакралды ақпараттар // *Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия*. – 2024. – № 3, 31-42 бб. https://doi.org/10.48081/QXXY3864
5. Акегожаева Р.Н., Мурзинова А.С. «Үйлену» ғұрыптық рәсімдеріне қатысты скриптонимдердің лингвомәдени ерекшелігі // *Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық серия*. – 2025. – № 3, 49-59 бб. https://doi.org/10.48081/UPQQ3037

Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда жарияланған еңбектер:

1. Акегожаева Р., Мурзинова А. Ғұрыптық рәсімдердің лингвомәдени сипаты (қазақ, түрік тілдері негізінде) // *X Халықаралық Түркі әлемі зерттеулері симпозиумы*, 14-16 маусым 2023 ж., Алматы : баяндамалар жинағы. – Алматы, 2023, 185-194 бб.
2. Акегожаева Р., Мурзинова А. From Ritual to Language: A Linguocultural Study of Kazakh Scriptonyms with Secondary Meaning // *VII International Mediterranean Scientific Research Congress*, 13-15 June 2025, Hatay Mustafa Kemal University, Hatay, Türkiye: Conference Book / ed. A. Özkaya. – Hatay: ASES Publications, 2025. – P. 1712-1716.
3. Акегожаева Р.Н., Мурзинова А.С. «Құрбандық шалу» контексіндегі ғұрыптық лексиканың семантикалық өзгерістері: мәдениетаралық талдау // *И. Арабаев атындагы Кыргыз мамлекеттик университетинин жарчысы*. – 2025. – № 2/1, 395-404 бб. DOI 10.33514/1694-7851-2025-2/1-395-404.

Диссертациялық жұмыс Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 8D02301–«Филология» білім беру бағдарламасы бойынша зерттеулерді бағалауға құзіреті бар Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының кеңейтілген мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Диссертация кіріспеден, зерттеу контексті, әдеби шолу, әдістеме, нәтижелер, талқылау, зерттеу нәтижелері, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар берілген бөлімдерден тұрады. Жалпы көлемі: 280 бет.

Отандық ғылыми кеңесші
PhD, қауымдастырылған проф. м.а. Мурзинова А.С.

HR қызметі
Қолы
Расталады: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба